

«Келісемін»
Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары
 К.А.Ергалиева

«Бекітемін»
№3 гимназия директоры:
 И.И.Бексултанова
« » тамыз 2025ж



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
7 «Ә» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Кәрібаева Б.Ә.

Ақтөбе 2025ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *енбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, накыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Үшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

1	Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ НӨМІРЛЕРІ ЖӨНЕ СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ»	Сабақтың жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	02.09
2	«Отбасы – бақыт мекені» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «БЕЙТАНЫС АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПТІ СИГНАЛДАР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	11.09
3	«Күз – еңбектің маусымы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ НӨМІРЛЕРІ ЖӨНЕ СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	18.09
4	«Еңбек түбі - береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЦИФРЛЫҚ ДИЕТА» ЧЕЛЛЕНДЖІ: ГАДЖЕТТЕРДЕН ҚЫСҚАУАҚЫТҚАБАС ТARTУ СІЗГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	25.09

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

1	«Ұстазым – ұлағатым, үлгі өнегем» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ӨЗІҢІЗГЕ ЖӨНЕ	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	02.10
---	--	------------------	-----------------	-------

	АЙНАЛАҢЫЗДАҒЫЛАРҒА ҚАУІПСІЗ ВЕЛОСИПЕД ТЕБУДІ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БОЛАДЫ?»			
2	«Тәуелсіздік – ұрпаққа берген үлкен бақыт» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «МЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫМ МЕН МІНДЕТТЕРІМ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	09.10
3	«Кітапхана – білімнің күншуағы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ НӨМІРЛЕРІ ЖӘНЕ СЕҢІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	16.10
4	«Республика күні – Тәуелсіздік нышаны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «БЕЙТАНЫС АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПТІ СИГНАЛДАР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	23.10
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні				
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚИЫН КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ДОСТЫҚ: ЖАНЖАЛДА ДОСЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	06.11
2	«Ұлттық валюта – теңге» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «МЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫМ МЕН МІНДЕТТЕРІМ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	13.11
3	«Әділдік пен жауапкершілік – егіз ұғым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЦИФРЛЫҚ ДИЕТА» ЧЕЛЛЕНДЖІ: ГАДЖЕТТЕРДЕН ҚЫСҚАУАҚЫТҚАБАС ТАРТУ СІЗГЕ ҚАЛАЙ ӨСЕР ЕТЕДІ?	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	20.11
4	«Әділ болуға өзіңді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «БЕЙТАНЫС АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПТІ СИГНАЛДАР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	27.11
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚИЫН КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ДОСТЫҚ: ЖАНЖАЛДА ДОСЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	04.12
2	«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»	Сабақтың	Сынып жетекшісі	11.12

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЦИФРЛЫҚ ДИЕТА» ЧЕЛЛЕНДЖІ: ГАДЖЕТТЕРДЕН ҚЫСҚАУАҚЫТҚАБАС ТARTУ СІЗГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?	жоспары		
3	«Бірлік түбі - береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚИЫН КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ДОСТЫҚ: ЖАНЖАЛДА ДОСЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	18.12
4	«Ынтымақтың түбі - игілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЦИФРЛЫҚ ДИЕТА» ЧЕЛЛЕНДЖІ: ГАДЖЕТТЕРДЕН ҚЫСҚАУАҚЫТҚАБАС TARTУ СІЗГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	25.12

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЖЕЛІДЕГІҚАУІПТІ ХОББИ (ТРЕШ-СТРИМ)»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	08.01
2	«Заңдылық және құқықтық тәртіп» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «МЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫМ МЕН МІНДЕТТЕРІМ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	15.01
3	«Заң - тәртіп пен әділеттіліктің негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «КИБЕРБУЛЛИНГІНІҢ ТҮРЛЕРІ. ӘР АДАМНЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ НЕДЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗДІҢ АЛГОРИТМІ ҚАНДАЙ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	22.01
4	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «МЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫМ МЕН МІНДЕТТЕРІМ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	29.01

АҚПАҢ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	«Цифрлық әлемде қауіпсіз адам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЖЕЛІДЕГІҚАУІПТІ ХОББИ (ТРЕШ-СТРИМ)»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	05.02
2	«Кітап – білім бұлағы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «СУДАҒЫ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА ЖӘНЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.02
3	«Жасампаздық пен жаңашылдық рухтың жаршысы»	Сабақтың	Сынып жетекшісі	19.02

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚИЫН КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ДОСТЫҚ: ЖАНЖАЛДА ДОСЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?»	жоспары		
4	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «КИБЕРБУЛЛИНГІНІҢ ТҮРЛЕРІ. ӘР АДАМНЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ НЕДЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗДІҢ АЛГОРИТМІ ҚАНДАЙ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	26.02
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1 наурыз – Алғыс айту күні				
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні				
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі				
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1	«Бәрі де, ана, бір өзінен басталады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «НЕЛІКТЕН ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАРДА АТААНАЛАРҒА СЕНУ МАҢЫЗДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	05.03
2	«Мен елімнің ертеңімін» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «КИБЕРБУЛЛИНГІНІҢ ТҮРЛЕРІ. ӘР АДАМНЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ НЕДЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗДІҢ АЛГОРИТМІ ҚАНДАЙ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.03
3	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ӨЗІҢІЗГЕ ЖӘНЕ АЙНАЛАҢЫЗДАҒЫЛАРҒА ҚАУІПСІЗ ВЕЛОСИПЕД ТЕБУДІ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	19.03
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні				
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні				
12 сәуір – Ғылым күні				
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні				
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні				
23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1	«Біз тандаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ЖЕЛІДЕГІ ҚАУІПТІ ХОББИ (ТРЕШ-СТРИМ)»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	02.04
2	«Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «КИБЕРБУЛЛИНГІНІҢ ТҮРЛЕРІ. ӘР АДАМНЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ НЕДЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗДІҢ АЛГОРИТМІ ҚАНДАЙ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	09.04

3	«Ғаламға саяхат» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «НЕЛІКТЕН ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАРДА АТААНАЛАРҒА СЕНУ МАҢЫЗДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	16.04
4	«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ӨЗІҢІЗГЕ ЖӘНЕ АЙНАЛАҢЫЗДАҒЫЛАРҒА ҚАУІПСІЗ ВЕЛОСИПЕД ТЕБУДІ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	23.04
5	«Еңбек бәрін жеңбек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ҚИЫН КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ДОСТЫҚ: ЖАНЖАЛДА ДОСЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	30.04

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1	«Бұл өмірдің мәні – сенсін, қымбатты досым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «МЕНИҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫМ МЕН МІНДЕТТЕРІМ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.05 м/с
2	«Ынтымақ – достық кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ӨЗІҢІЗГЕ ЖӘНЕ АЙНАЛАҢЫЗДАҒЫЛАРҒА ҚАУІПСІЗ ВЕЛОСИПЕД ТЕБУДІ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.05
3	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «СУДАҒЫ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА ЖӘНЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	21.05